

Критериалды бағалау

Критериалды бағалау – бұл үдеріс, берілген жүйе бойынша оқушының оқу жетістігін алдын-ала барлық қатысушыларға белгілі (оқушыларға, мектеп әкімшілігіне, ата - анасына және заң өкілдеріне) анықталған, ұжымдасып жасалған критерийлермен салыстыруға негізделген.

Бұл бағалау жүйесі ең алғаш оқушыларды жақсы оқуға жетелеп, оның өсу қарқыны мен біліміндегі ақауларды анықтауға бағытталған.

Критериалды бағалау жүйесі

1. Қалыптастырушы/формативті
2. Жиынтық бағалау

- **Критерийлер** – талапқа сәйкес бір нәрсені бағалауда қабылданатын ережелер немесе белгі, негіздеме.
- Критерийлер оқу тапсырмасының дұрыс орындалу жолдарының айқын, нақты көрсетілген көрсеткіштерінен тұрады.
- Көрсеткіш бойынша бағалау – оқушының белгіленген мақсатқа қаншалықты жеткен дәрежесін анықтау болып келеді.

- Қалыптастырушы/формативті (ағымдағы) бағалау – сабақта немесе үйде күнделікті жұмыс үрдісінде білімі мен дағдысының ағымдағы дәрежесін анықтау, оқу үрдісінде оқушы мен мұғалім арасындағы байланысты жандандыру.
- Қалыптастырушы/формативті бағалау әртүрлі формада іске асады (ауызша сұрау, жазбаша, практикалық жұмыстар, мадақтау, көтермелеу, т.б.) және жиынтық бағалауға дейін мұғалімге де, оқушыға да оқу барасында кеткен кемшіліктерін түзетуге, қайта қарауға мүмкіндік береді.
-
- Қалыптастырушы/формативті бағаның түзету мүмкіндіктері бар.

- **Жиынтық бағалау** – белгілі бір мерзімдегі (тоқсан, жартыжылдық, жылдық) оқу жетістігінің деңгейін анықтау үшін орындалатын оқушының жұмысы;
- **Жиынтық бағалау** әртүрлі болады (тест, сынақ, бақылау жұмысы, т.б.). Жиынтық жұмысқа қойылған баға белгілі бір есепті мерзімді (тоқсан, жартыжылдық, жылдық) қорытындылауды анықтайтын баға болып табылады.

- **Рубрикатор** (бағалау бойынша нұсқаулық) – әрбір критерий бойынша оқушының жетістігі жазылған нақты сипаттама және соған сәйкес ұпай саны;

- **Дескриптор** – оқушының ең жақсы нәтижеге жетудегі әрбір қадамын сипаттайтын нақты бір ұпай бойынша жетістік деңгейі, әрбір деңгей белгілі ұпай санымен бағаланады: жетістік жоғары болған сайын – сол критерий бойынша ұпай да көп болады;

Формативті бағалау

Дескриптор	Жетті	Талпынады	Қорытынды	
			Жетті Талпынады	
Мәтіннің мағынасына арналған сұрақтарға жауап береді.				
Мәтіннің құрылымына арналған сұрақтарға жауап береді.				
Коммуникацияға арналған сұрақтарға жауап береді.				

ЖИЫНТЫҚ/СУММАТИВТІ БАҒАЛАУ

Критерийлер	Балл	Дескрипторлар
А Тыңдалы м. (мақ 6)	1	Мәтінді мұқият тыңдап, мәтіндегі негізгі ойды түсіне білген. Автордың көзқарасын айқындағысы келген. 1 сұраққа дұрыс жауап берген.
	2	Мәтінді мұқият тыңдап, мәтіндегі негізгі ойды түсіне білген. Автордың көзқарасын айқындағысы келген. 2 сұраққа дұрыс жауап берген.
	3	Мәтінді мұқият тыңдап, мәтіндегі негізгі ойды түсіне білген. Автордың көзқарасын айқындауға тырысқан. 3 сұраққа дұрыс жауап берген.
	4	Мәтінді мұқият тыңдап, мәтіндегі негізгі ойды түсіне білген. Автордың көзқарасын айқындауға тырысқан. 4 сұраққа дұрыс жауап берген.
	5	Мәтінді мұқият тыңдап, мәтіндегі негізгі ойды түсіне білген. Автордың көзқарасын айқындай алған. 5 сұраққа дұрыс жауап берген.
	6	Мәтінді мұқият тыңдап, мәтіндегі негізгі ойды түсіне білген. Автордың көзқарасын айқындай алған сұрақтарға түгел дұрыс жауап берген.

• Күтілетін нәтижелер



Критериалды бағалау жүйесі:

- оқушылардың оқудағы жетістіктерін объективті бағалау;
- әр оқушының қабілетін ескере отырып даму траекториясын анықтау;
- оқытудағы күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін оқушылардың білік дағдыларын дамытуға ынталандыру;
 - оқыту сапасын жақсарту;
- оқу үдерісін ұйымдастырудағы ерекшеліктер мен оқу материалын сапалы меңгеруін анықтау үшін мұғалімнің, оқушы мен ата-ананың арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету жүйесін әзірлеу.

Мүмкін болатын қаіуп-қатерлер

- 1. Мұғалімдердің критериалды бағалау мен нәтижені талдау үшін қажетті материалдарды дайындауда формалды түрде қарауы;
- 2. Критериалды бағалауды енгізуде оқушылардың бейімделу кезеңінің жүруі.
- 3. Критериалды бағалау жүйесіне байланысты ата-аналар тарапынан түсінбеушіліктердің туындауы.
- 4. Критериалды бағалау туралы кейбір мұғалімдердің теориялық білімінің жеткіліксіздігі, бұл жүйені енгізудегі тәжірибелік дағдылардың болмауы.
- 5. Критериалды бағалауды енгізуде әкімшілік тарапынан тиісті қолдау мен бақылаудың болмауы.

• Тәжірибелік маңыздылығы

Критериалды бағалаудың тәжірибелік маңызы төмендегі артықшылықтармен белгіленеді:

- - жеке тұлға емес, оқушының жұмысы бағаланады;
- - оқушы жұмысы алдын- ала белгілі критерийлер бойынша бағаланады;
- - бағалау критерийлері нақты оқыту мақсаттарын айқындайды, сондықтан оқушыларға баға оқып- зерделенген материал бойынша ғана қойылады.
- - өзінің оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін және ата-аналарына осы ақпараттарды жеткізу үшін оқушыға нақты бағалау алгоритмі белгілі.
- - оқушының оқуға деген және өзін-өзі бағалауға ынтасы артады.

Критериалды бағалау:

•

• *Мұғалімдерге:*

- 1. Сапалы нәтиже алуға бағытталған критерийлер әзірлеуге;
- 2. Өзінің іс-әрекетін жоспарлауға және талдауға жедел түрде ақпарат алуға;
 - 3. Білім беру сапасын арттыруға;
 - 4. Оқытудың сапасын жақсартуға;
- 5. Әр оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке оқыту траекториясын құруға;
- 6. Бағалаудың түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға;
 - 7. Оқу бағдарламасын жетілдіруге ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.

Оқушыларға:

- 1. Өзінің түсінігі мен қабілетін көрсету үшін оқытудың түрлі стильдерін және ойлау әректінің типтерін қолдануға;
- 2. Өз нәтижелерін болжау арқылы табысқа жету үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге;
- 3. Өзінің және өз кұрдастарының жетістіктерін бағалап, рефлексияға қатысуға;
- 4. Шынайы міндеттерді шешу үшін өз білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарды білдіруге, сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді.
-

Ата-аналарға:

- 1. Өз баласының оқытылу деңгейі туралы объективті дәлелдер алуға;
- 2. Баланың оқудағы прогресін қадағалауға;
- 3. Оқу үрдісінде оқушыға қолдау көрсетуге;
- 4. Мектеп әкімшілігімен, мұғалімдермен кері байланыс орнатуға;
- 5. Баласының мектепте және сыныпта жайлы сезінуіне сенімді болуына мүмкіндік береді.
-